Күршім жаршысы

№9, (8741) 1 НАУРЫЗ 2024 ЖЫЛ

КҮРШІМ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

Баршаңызды Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Алғыс айту күні түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды. Бұл күн ел бірлігін бекемдеумен қатар, тұғырлы татулығымыз бен ырысты ынтымағымызды жаңа белеске жетелейді.

Айтулы күн жақсылықты бағалай білуге, әр іске жақсылықпен жауап қайтаруға, өзара сыйластық пен құрметке бастайды. Кең пейілді қазақ халқы қашанда әрбір игі іске ризашылығын білдіріп, алғыс айтып отырған. Осындай құндылықтардың қадіріне жете білген елдің қашанда келешегі кемел болары анық.

Ендеше, көңілді жадырататын жақсылық істеріміз бен айтар алғысымыз көп болсын. Әр отбасыға бақ-береке, елімізге татулық пен тыныштық тілеймін!

Күршім ауданының әкімі А.АКЫШОВ

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ РАЙОНА!

От всей души поздравляю всех с Днем благодарности!

День благодарности стал измерением нравственных отношений между представителями разных национальностей. В традициях нашей страны отражается культура и духовные ценности каждого этноса, составляющего сегодня единый народ Казахстана. Все мероприятия общенародного праздника стали отражением общей исторической памяти, выражением благодарности. Общая историческая судьба этносов отразилась на менталитете, сформировала общие ценности и идеалы. День благодарности стал праздником культурного разнообразия и патриотизма.

Желаю каждой семье благополучия, мира и спокойствия!

Аким Курчумского района А.АКЫШОВ

1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

Татулық, бірлік бар жерде...

Тіршілік атаулыны барынша бүріп, бір тарының қауызына сыйғызған қаһарлы қыс та біртіндеп мәреге жетіп, көктем лебі сезіле бастады. Енді біраздан соң Наурыз туып, арқа-басымыздың кеңейе түсетінін ойлаған сайын көңіл шіркіннің де көтеріле бастайтыны шындық. Одан әрі көктем күшіне еніп, жердің бетін көрпедей қымтаған қалың қардың да көбесі сөгілер.

Мемлекетімізде 1 наурыздың Алғыс айту күні деп белгіленгені тегін болмаса керек. Көктемнің алғашқы айымен бірге күллі адамзаттың, тіпті жан-жануарлардың да тіршіліктеріне өзгеше бір өзгеріс еніп, айналаны басқаша көзқараспен бажайлай бастайтыны шындық.

Біздің халқымыз қандай қиындық көріп, таршылық пен тауқыметті молынан шегіп келе жатса да өзінің қарапайым да қайырымды қалпынан айнымаған емес. Қазақтың осынау бір ерекше мінез-құлқының сонау соғыс жылдарында, саяси қуғын-сүргіннің асқынып, тұтастай халықтарды босқындыққа ұшыратқан шақтарында айқын сезіліп, жарқырай көрінгені де рас. Соғыстың сұрапылынан бас сауғалап келген тілі де, діні де, дәстүр-салты да мүлде бөлек көптеген босқындарды жатсынбай паналатып, жалаға ұшырап, күштеп жер аударылған халықтарға жанашырлықпен жәрдем қолын созған бірден-бір халық осы біздің қазақ болар, сірә. Әсіресе елсіз-күнсіз даладағы иен қыстақтарға

қақаған суықта еңкейген қариядан, емшектегі балаға дейін мал таситын вагондарға тиеп әкеліп, төгіп кеткенде олардың көздеріне аштық пен суықтан төнген ажалдың елестегені даусыз болар. Өздері ішер ас пен киер киімге жарымай отырса да, бастарына күн туған жандарды үйлерінің бір бұрышына орналастырып, бала-шағасының аузынан жырып алған жарты күлшесін солардың ауыздарына тосқаны - бізге тарихтан мәлім. Қазақтың осындай бауырмал да қайырымды халық екенін сол кезде тауқыметке ұшыраған шешендер мен ингуштар, малқарлар мен қарашайлар, немістер мен корейлердің ескікөз қариялары әлі күнге дейін көздерінен жас сорғалап отырып, еске алады. Сонымен бірге олардың қазақ халқына деген ризашылықтарын ұрпақтарына өсиет етіп айтып кеткенін де естіп жатырмыз.

Қазақ халқына деген ата-бабаларының риясыз алғысын естен шығармай, әрдайым құрметпен қарап келе жатқан кейінгі буын өкілдерінің бірі деп Күршім ауылының тұрғыны Светлана Алдырбаеваны айтуға болады. Бүгінде Күршім гимназиясында география пәнінің мұғалімі болып еңбектеніп келе жатқан Светлана Александровна шәкірттеріне дәрісті қазақ тілінде жүргізеді. Оның өмірлік жолдасы Қайырхан Алдырбаев қазақ жігіті, екеуі Шерәли, Мұхаметәли, Абдурақым, Сезім атты төрт бала тәрбиелеп отыр. Бұл шаңырақты ауылдастары осы маңайдағы тату да өнегелі отбасының бірі деп бағалайды.

- Мен өзім, өзімді қойып, ата-анам да осы Күршімнің тумаларымыз, - дейді Света. - Ата-әжелеріміз Бұқтырма ГЭС-і салынғанда судың астында қалған Камышинка селосының тұрғындары болыпты. Бала жастан қазақтармен көрші тұрып, солардың балаларымен ойнап өскендіктен, қазақ тілін жетік білемін. Өзім №4 Күршім орта мектебінде орысша оқыдым, ал Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетін қазақ тілінде оқып бітірдім. Жолдасым Қайырхан Кентайұлы әскери қызметші, жастайынан спортшы болғандықтан, балаларды шаңғы тебуге баулып келе жатыр.

Мектепте қазақ тілінен сабақ берген ұстазым Фариза Махмұтқызына айтар алғысым зор, сонымен бірге ата-салт, қазақы дәстүрге барынша мұқият баулып, үлгі-өнеге көрсеткен енем Көкеш Нұрқасымқызының алдында да борыштармын. Сондай-ақ, орыс ұлтының өкілі ретінде осы атаулы күнге орай жалпы қазақ халқына шын жүректен шыққан алғысымды айтамын. Мәселен, мен осы күнде Күршім гимназиясында мұғалім болып жұмыс істеп жүрмін. Өз басым бүкіл ұжымдағы жалғыз орыс қызымын. Маған әлі күнге дейін бір адам «сенің ұлтың бөлек, сен бізге бөтенсің» деп айтып көрген емес. Сол себепті мен осы бауырмал да ұйымшыл ұжымға біржола сіңісіп кеттім, енді мені одан ешкім де бөлектей алмайды. Барша әріптестеріме, жалпы бүкіл аудан жұртына, кеңпейіл қазақ халқына алғысым зор! Ел мен жұртымыз аман болсын, татулығымызға ешуақытта кірбің түспесін! Өсіп келе жатқан жас буынды әрдайым достық пен интернационалистік рухта тәрбиелей берейік!

Светаның бұл айтқандарына біздің де қосып-аларымыз жоқ.

Хасен Зәкәрия

Жас спортшыға құрмет көрсетілді

Ақпан айының 19–24 жұлдызы күндері Алматы қаласында қыздар арасында олимпиада чемпионы Ермахан Ибраимовтың жүлдесі үшін IV халықаралық турнир өтті.

Халықаралық турнирге әр өңірден мықты боксшы қыздар зор үмітпен барды. Халықаралық турнирде Күршім ауданының намысын алға тартып, жас боксшы Шырын Манапова да бақ сынады. 54 кг салмақ дәрежесінде қарсыластарына дес бермей, бірден көзге түсіп, өзінің тиянақты дайындығын, жаттықтырушысы Серік Көкеновтің маңдай тер еңбегін, ата-анасының, ұстаздары мен достарының зор үмітін ақтады.

Қуанышты жеңіс қандай марапатқа болса да лайық.Шырын Манапованың халықаралық деңгейдегі жеңісі ауданның ғана емес, облыстың абыройын асқақтатты. Үлкен жеңіспен оралған жас спортшыны аудан әкімдігінің үлкен залында аудан әкімінің орынбасары М.Альбеков қабылдап, құрмет көрсетті.

-Аудандағы спорт өнерінің дамуына жастардың үлес қосуы қуантады. Ортамызда жас спортшы ауданның атын аспандатып, мерейлі жеңіспен оралып отыр. Бұл жеңісте жаттықтырушысы Серік Болатұлының да үлкен еңбегі жатқаны белгілі. Шырын Манапова бұған дейін де талай жеңістер арқалап келді, әлі талай биіктерден көрінері сөзсіз,-деп тілегін білдірді аудан әкімінің орынбасары Мейіржан Қанатбекұлы.

Жеңіс тұғырынан көрінген спортшыға аудандық білім бөлімі, №5 Күршім орта мектебінің ұжымы да сый-сияпат көрсетті.

К.БҰРҚАНБАЕВА